	түгендеу). Реагенттер мен шығын материалдарын басқару. Ерітінділерді дайындау ережесі және реагенттердің сапасына қойылатын талаптар	
5.	Биоматериалды жинау, өндеу, тасымалдау, сактау және жою жұмыстарын ұйымдастыру. Таңбалau және ілеспе құжаттама. Биоматериалдың сапасын және оның зертханалық зерттеулерге жарамдылығын бағалау. Ақпараттық жүйелер. Зертханалық жүйе моделіне шолу. Ақпараттық жүйенің саясаты және құқықтық негіздері. Зертханалық жүйенің инфрақұрылымы мен мүмкіндіктері	50
6.	Зертханалық зерттеулердің сапасын бақылауды басқару. Зертханалық сапаны бағалаудың қағидалары мен әдістері. Зерттеудің жинақтылығы, қайталануы, дәлдігі, дұрыстығы. Бақылау жиілігі. Бақылау диаграммалары бойынша қайталану мүмкіндігін бағалауды жүргізу. Бақылау өлшемдері бойынша деректер массивін жинау және өндеу. Шухарттың бақылау диаграммаларын құру, жүргізу, интерпретациялау және жаңарту процесі. Сапаны зертханааралық бақылау. Сапаны сыртқы бағалау (қағидалары, жоспарлау, енгізу, сапаны сыртқы бағалау бағдарламасының нәтижелерін талдау) Медициналық зертханада өлшеу нәтижелерін интерпретациялау.	200
7.	Гематологияда биологиялық материалды алу ережелері. Гематологиялық жағындыға қойылатын жалпы талаптар, қан және сүйек кемігін жағындыларын жасау.	200
	Гематологиялық зертханалық зерттеулерді автоматтандыру қағидалары. Автоматтандырылған және экспресс анализаторлармен жұмыс істеу кезіндегі аналитикалық кезеңнің ерекшеліктері. Жалпы қан анализі:	

8.	лейкоциттердің, эритроциттер мен тромбоциттердің сапалық және сандық көрсеткіштері. Эритроциттердің шөгү жылдамдығын бағалау. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Гематологиялық зерттеу әдістерін түсіндіру	200
9.	Сүйек кемігінің нүктелерін зерттеу. Сүйек кемігін микроскопиялық зерттеу (миелограмма). Қан түзу жасушаларының цитохимиялық зерттеулері. Иммунофенотиптеу. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Гематологиялық қан анализінің нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	100
10.	Жалпы клиникалық зертханалық зерттеулердің жұмыс істеу қағидалары. Несептің, қақырықтың, биологиялық материалдың жағындысының, ақсазан мен он екі елі ішектің, нәжістің, жұлын сұйықтығының және экссудативті сұйықтықтың табиги және боялған препараттарын дайындау әдістемесі	100
11.	Зәрдің физикалық, химиялық және микроскопиялық қасиеттерін зерттеу. Қол әдісімен зәр шөгіндісін микроскопиялық зерттеу. Несептегі шөгінділерді автоматтандырылған талдау. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зәр анализінің нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	100
12.	Бронхоөкпе жүйесі ауруларында қақырықтың физикалық, химиялық және микроскопиялық қасиеттерін зерттеу. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зерттеу нәтижелерін бағалау және түсіндіру	150
13.	Асқазан-ішек жолдарының ауруларында ақсазан және он екі елі ішек құрамының физикалық, химиялық және микроскопиялық қасиеттерін зерттеу. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зерттеу нәтижелерін бағалау және түсіндіру	100

	Несеп-жыныс мүшелерінің (қынаптық, жатыр мойны, уретральды) физикалық, химиялық және микроскопиялық қасиеттерін зэр шығару жүйесінің ауруларын диагностикалау үшін зерттеу. Гормоналды профильді бағалау. Тазалық дәрежесін бағалау. Вагинальды дисбиозды анықтау. Бактериялық флораны, карапайымдыларды, вирустық инфекциялардың белгілерін, микоздарды анықтау. Тұқымдық сұйықтығының (эякуляция) физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу. Сапа бақылауын жүргізу және талдау Зертханалық зерттеулердің сонғы нәтижелерін интерпретациялау	150
14.	Күystардағы биологиялық материалды цитологиялық зерттеуге арналған препараттарды дайындау әдістемесі, мүшелер мен бездерден алынған қырғыштар мен жағынды-іздер. Сұйық цитология әдісін қолдану. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зерттеу нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	100
15.	Онкологиялық аурулардың скринингтік әдістері (нәжістің жасырын қаны, урологиялық және гинекологиялық жағындылар, онкологиялық маркерлер). Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зерттеу нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	50
16.	Паразитарлық аурулардың зертханалық диагностикасы, оларды анықтау әдістері (гельминтоздар, протозооноздар, қарапайымдылар). Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зертханалық нәтижелерді бағалау және интерпретациялау.	300
17.	Қышқыл-негіз күйінің зертханалық диагностикасы (қышқыл-негіз күйін, газдар мен қанның электролиттерін анықтау). Автоматты анализаторларды қолдану. Сапа бақылауын жүргізу	100
18.		

	және талдау. Зертханалық нәтижелерді бағалау және интерпретациялау.	
19.	Зат алмасу бұзылыстарындағы биологиялық сұйықтықтарды биохимиялық зерттеудің зертханалық диагностикасы. Биохимиялық зертханалық зерттеулерді автоматтандыру қағидалары. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Биологиялық сұйықтықтарды биохимиялық зерттеу нәтижелерін бағалау және интерпретациялау.	300
20.	Тыныс алу, жүрек, бүйрек, бауыр жеткіліксіздігі, диссеминирленген тамыршілік коагуляция синдромы, сепсис, токсикалық жағдайлардағы төтенше жағдайлардың зертханалық диагностикасы. Зертханалық нәтижелерді бағалау және интерпретациялау.	100
21.	Гемостаз жүйесінің бұзылыстарын зертханалық диагностикалау. Жартылай автоматты және автоматтандырылған жүйелерде коагулологиялық зерттеу әдістерін жүргізу (протромбин уақыты, тромбин уақыты, халықаралық нормаланған арақатынас, протромбидік индекс, белсендерілген ішінера пробин уақыты, фибриноген және Д-димерлер, үю факторлары). Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Қан плазмасындағы коагуляциялық зерттеулердің нәтижелерін бағалау және интерпретациялау.	200
22.	Иммундық жүйенің бұзылыстарын зертханалық диагностикалау. Иммунологиялық зерттеу әдістерін дайындау және енгізу. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Иммунологиялық зерттеулер нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	150
	Медициналық зертханада иммунохемилюминесцентті, электрохимилюминесцентті және иммуноферментті талдау әдістері. Иммунохимиялық реакцияның	

23.	нәтижесін анықтау әдістері. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Эндокриндік, аутоиммунды және жүқпалы аурулардағы зерттеу нәтижелерін бағалау және интерпретациялау, дәрілік заттардың мониторингі	100
24.	Преципитация реакциясы (қан сарысындағы кардиолипин антигенімен қолмен микропреципитациялау), комплементті бекіту реакциясы (Вассерман реакциясы), агглютинация реакциясы, жанама гемагглютинация реакциясы, пассивті гемагглютинация реакциясы, гемагглютинацияның тежелу реакциясы, бейтараптандыру реакциясы. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Иммунологиялық зерттеулер нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	100
25.	Иммуногематологиялық (изосерологиялық, иммуногенетикалық) зерттеу әдістерінің зертханалық диагностикасы. Автоматтандырылған және жартылай автоматты жүйелерді қолдану. Қан тобын, резус-факторын, антиэритроциттік антиденелерді және антидене титрін анықтау. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Иммуногематологиялық зерттеулердің нәтижелерін бағалау және интерпретациялау	50
26.	Ағындық цитофлуометрия әдісінің қагидалары. Зерттеудің преаналитикалық кезеңінің ерекшеліктері. Үлгіні дайындау. Зерттеу әдістемесі. Жасуша кескіндерін компьютерлік талдау жүйелері. Ағынды цитофлуориметриялық күрүлғылар. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зертханалық зерттеулердің соңғы нәтижелерін интерпретациялау	100
	Микробиологиялық зерттеулердің зертханалық диагностикасы. Биоматериалды алу әдісі мен	

27.	<p>әдістерін таңдау. Биоматериалдың сапасын және оның зертханалық зерттеулерге жарамдылығын бағалау. Қоректік орталарды дайындау. Бактериологиялық әдіс. Зерттелетін материалды егу және бояу әдістері, микробқа қарсы препараттарға сезімталдықты анықтау. Вирусологиялық әдіс. Микологиялық әдіс. Микробиологиялық процестің автоматтандырылған жүйелерін колдану. Сапа бақылауын жүргізу және талдау. Зертханалық зерттеулердің соңғы нәтижелерін интерпретациялау</p>	200
28.	<p>Медициналық зертханадағы микроскопиялық әдістер. Жарық микроскопиясы. Төңкерілген биологиялық микроскоптар, Люминесцентті микроскопия. Флуоресцентті микроскопия. Стереоскопиялық микроскопия. Электрондық микроскопия. Микроскопияда сапаны бақылауды орындау және талдау</p>	100
29.	<p>Медициналық-генетикалық зертханалық зерттеу әдістері. Медициналық-генетикалық зерттеу үшін биологиялық материалды іріктеу әдістемесі. Медициналық-генетикалық зерттеу жүргізудің түрлері мен әдістері. Скринингтік зерттеу әдістері. Медициналық-генетикалық зерттеулердің сапасын бақылауды жүргізу және талдау. Генетикалық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялау</p>	100
30.	<p>Молекулалық биологиялық зерттеу әдістері, практикалық медицинада колданылуы. Полимеразды тізбекті реакция. Геносеквенирлеу. Молекулярлық биологиялық зерттеу әдістерінің сапасын бақылауды жүргізу және талдау. Зертханалық зерттеулердің соңғы нәтижелерін интерпретациялау</p>	100

Медициналық және  
фармацевтикалық  
мамандықтар бойынша жоғарғы

оку орнынан кейінгі білім  
берудің үлгілік оқу  
бағдарламасына  
16-көсімша

## **"Клиникалық фармакология" мамандығы бойынша резидентураның ұлгілік оқу бағдарламасының құрылымы**

**Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл**

**Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Клиникалық фармаколог дәрігері**

№ р/с	Пәндер / модульдердің атапу	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндепті компонент	134
	Клиникалық фармакология (клиникалық фармакологияның жалпы сұраптары және жеке дәрілік заттар мен топтардың клиникалық-фармакологиялық сипаттамасы). Формулярлық жүйе	38
	Дәрілік заттарға клиникалық зерттеудің әртүрлі түрлерін жүргізу кезеңдері. Дербестендірілген емдік терапия (емдік дәрілік мониторинг, фармакогенетика)	10
1)	Қазақстан Республикасында емдеуге арналған халықаралық ұсыныстарды, нұсқауларды және клиникалық хаттамаларды дәлелді медицина түрғысынан іздеу, бағалау және бейімдеу	8
	Дәрілік заттарды пайдалануды бағалау және клиникалық-фармакологиялық сараптау. Дәрілік заттардың жағымсыз реакциялары. Дәрілік қадағалау	12
	Ішкі ағзалардың әртүрлі ауруларының ұтымды емі және клиникалық-фармакологиялық қағидалары	42
	Педиатриялық тәжірибедегі және арнайы топтағы науқастардағы клиникалық фармакология мен ұтымды емнің қағидалары.	15
	Микробқа қарсы ұтымды терапия және антибиотикалық профилактика. Микробқа қарсы препараттарға тұрақтылық мәселелері	9

2)	Тандау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	140

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1.	Қант диабеті
2.	Қалқанша без аурулары
3.	Зат алмасуның бұзылуымен жүретін аурулар (метаболикалық синдром, семіздік, подагра, созылмалы бүйрекусті безінің жеткіліксіздігі)
4.	Гепатиттер
5.	Асказан мен он екі елі ішектің ойық жара ауруы
6.	Гастриттер
7.	Гастроэзофагеалды рефлюкс ауруы
8.	Балалардағы функционалды диспепсия
9.	Спецификалық емес жаралы колит. Крон ауруы
10.	Панкреатит
11.	Бауыр циррозы
12.	Бауырдың жедел және созылмалы жеткіліксіздігі
13.	Өкпе артериясының тромбоэмболиясы
14.	Диссемирленген тамыршілік синдром
15.	Анемиялар
16.	Артериалды гипертензия
17.	Жүректің ишемиялық ауруы
18.	Жедел жүрек-қантамыр жеткіліксіздігі
19.	Инфекциялық эндокардит
20.	Жедел коронарлық синдром
21.	Ыргак пен өткізгіштіктің бұзылуы
22.	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі
23.	Кардиомиопатия
24.	Пневмония
25.	Бронх демікпесі
26.	Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы
27.	Бронхиттер
28.	Грипп. Жіті респираторлық вирустық инфекция . Короновирустық инфекция
29.	Балалардағы бронхиолиттер
30.	Тыныс жеткіліксіздігі
31.	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі
32.	Зәр шығару жолдарының инфекциясы

33.	Гломерулонефриттер
34.	Тубулоинтерстициалды нефрит
35.	Бүйректің созылмалы ауруы
36.	Дәнекер тінінің жүйелік аурулары
37.	Лейкоздар
38.	Сепсис, оның ішінде акушерлік сепсис, жаңа туған нәрестелердің сепсисі
39.	Перитонит
40.	Жедел ішек инфекциясы
41.	Менингококктың инфекция
42.	Энтеровирустың инфекция
43.	Герпес инфекциясы
44.	Жедел ревматикалық қызба
45.	Жыныстық жолмен берілетін аурулар
46.	Жұмсақ тіндер мен терінің инфекциясы
47.	Атопиялық дерматит
48.	Псориаз
49.	Микоздар
50.	Туберкулез
51.	Депрессия
52.	Паркинсон ауруы
53.	Ауырсыну синдромы
54.	Анафилаксия, анафилактикалық шок
55.	Тырысу синдромы

### Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды менгеру

№	Ота /емшара /техника	Дағдылардың саны
1.	Дәрілік заттарды пайдаланудың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау	20
2.	Дәрілік заттардың мөлшерін есептеу, оның ішінде ерекше топтағы науқастарға (балалар, егде жастагы пациенттер, бүйрек / бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер)	10
3.	Дәрілік препараттың жанама әсерін анықтау және тіркеу	2
4.	Дәрілік заттардың жанама әсерлерінің алдын алу және түзету	2
5.	Дәрілік заттардың жанама әсері туралы хабарлама толтыру	2
	Дәрілік заттардың тиімділігі мен қауіпсіздігінің	

6.	фармакодинамикалық мониторингі	5
7.	Дәлелді медицинаның деректер базасында медициналық ақпаратты іздеу және бағалауды жүргізу	10
8.	Дәрілік препараттар бойынша талдамалық шолулар жасау	20
9.	Дәрілік заттарды клиникада қолдану бойынша окулық хаттама/ жоба құрастыру	1
10.	Денсаулық сактау ұйымдары үшін ұтымды антибактериалды терапия бойынша нұсқаулар құрастыру	1
11.	Тағайындалған емдік терапияның барлық сұраптары бойынша науқастарға кеңес беру	2
12.	Ұтымды емдік терапия мәселелері бойынша медицина мамандарына кеңес беру	10
13.	Аллергиялық реакция, бронхоспазм, гипертензиялық криз, жедел коронарлы синдром, тырысулар, талу кезінде шұғыл көмек көрсету	5
14.	Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалау парагын толтыру дағдысы	50
15.	Микробқа қарсы дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалау парагын толтыру дағдысы (тепапия, антибиотикопрофилактика)	20
16.	Дәрі-дәрмектік қателіктер туралы хабарлама үлгісін толтыру дағдысы	10
17.	Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуін анықтау бойынша ақпараттық жүйелермен жұмыс істей дағдысы	20
18.	Медициналық ұйымның дәрілік формуларын әзірлеу	2
19.	Дәрілік препараттарға тиімді қаржы жұмсау үшін ABC /VEN талдауын жүргізу дағдысы	1
20.	Анатомиялық терапевтік химия/ анықталған күнделікті доза (ATC/ DDD) әдіснамасы бойынша дәрілік заттарды тұтынуға талдау жүргізу дағдысы	1

21.	Медициналық үйымда дәрілік заттарға өтінім жасау және қажеттілікті талдау дағдысы	1
22.	Медициналық үйымда дәрілік ақпарат жөніндегі жүйені үйымдастыруға және оның жұмысына қатысу Түсіндірі:	2
23.	Емдік дәрілік мониторинг нәтижелерін талдау (қан плазмасындағы дәрілік заттардың денгейі)	3
24.	Фармакогенетикалық зерттеулердің нәтижелері	2
25.	Зертханалық зерттеулер, оның ішінде микробиологиялық зерттеулер	20
26.	Рентгенография нәтижелері	5
27.	Фиброзеофагогастродуоденоскопия нәтижелері	5
28.	Компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, позитрондық эмиссиялық томография	3
29.	Амбулаторлық қан қысымы мониторингі, электрокардиография тәуліктік мониторингі	2

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша жоғарғы оку орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оку бағдарламасына  
17-қосымша

## "Медициналық генетика" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оку бағдарламасының құрылымы

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Генетик-дәрігер

№ п/п	Пәндердің/модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндетті компонент	134
	Медициналық генетика негіздері	15
1)	Адамның цитогенетикасы және молекулярлық цитогенетикасы	25
	Молекулярлық генетика	25

	Геномдық медицина	27
	Медициналық генетикалық консультация беру	42
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы:	140

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Орталық нерв жүйесінің туа біткен ақаулары
2	Жүрек-тамыр жүйесінің туа біткен ақаулары
3	Асқазан-ішек жолдарының туа біткен ақаулары
4	Несеп-жыныс жүйесінің туа біткен ақаулары
5	Көз және сезім мүшелерінің туа біткен ақаулары
6	Тірек-қимыл аппараты жүйесінің туа біткен ақаулары
7	Терінің және оның қосалқыларының туа біткен ақаулары
8	Тыныс алу жүйесінің туа біткен ақаулары
9	Ішкі секреция бездерінің туа біткен ақаулары
10	Плацентаның туа біткен ақаулары
11	Аутосомалардағы сандық өзгерістерден туындаған хромосомалық синдромдар
12	Даун синдромы
13	Эдвардс синдромы
14	Патау синдромы
15	Жыныс хромосомаларының сандық өзгерістерінен туындаған хромосомалық синдромдар
16	Тернер синдромы
17	Клайнфельтер синдромы
18	Полиплоидиялар
19	Құрылымдық хромосомалық синдромдар
20	Микроделекциялық хромосомалық синдромдар
21	Ата-аналық дисомия
22	Лежеун синдромы
23	Вольф-Хиршхорн синдромы
24	Ангелман синдромы
25	Прадер-Вилли синдромы
26	Уильямс синдромы
27	Ди Джордж синдромы
28	Тұқым куалайтын синдромдар және психикалық дамудың тежелуіне байланысты аурулар

29	Тұқым қуалайтын синдромдар мен психомоторлы және сөйлеу дамуының тежелуімен байланысты аурулар, соның ішінде аутизм спектрінің бұзылыстары
30	Нерв-бұлшық ет дамуының бұзылуымен байланысты тұқым қуалайтын синдромдар мен аурулар
31	Қаңқаның өсуі мен дамуының бұзылуымен байланысты тұқым қуалайтын синдромдар мен аурулар, соның ішінде дәнекер тінінің дисплазиясы
32	Тұқым қуалайтын синдромдар және семіздікке байланысты аурулар
33	Есту қабілетінің жоғалуына байланысты тұқым қуалайтын синдромдар мен аурулар
34	Тұқым қуалайтын синдромдар және жыныстық дамудың бұзылуына байланысты аурулар
35	Терінің зақымдалуымен байланысты тұқым қуалайтын синдромдар мен аурулар
36	Тұқым қуалайтын синдромдар және көздің зақымдалуымен байланысты аурулар
37	Амин қышқылдары алмасуының бұзылуының тұқым қуалайтын аурулары
38	Көмір сулар алмасуының бұзылуының тұқым қуалайтын аурулары
39	Майлардың метаболикалық бұзылыстарының тұқым қуалайтын аурулары
40	Витамин мен минералдардың алмасуының бұзылуының тұқым қуалайтын аурулары
41	Жинақтаушы зат алмасу бұзылыстарының тұқым қуалайтын аурулары
42	Классикалық фенилкетонурия
43	Гиперфенилаланинемия
44	Муковисцидоз
45	Туабіткен гипотиреоз
46	Галактоземия
47	Бүйрек үсті безінің қыртысының туа біткен дисфункциясы
48	Аходроплазия, гипохондроплазия
49	Нунан синдромы
50	Марфан синдромы
51	Элерс-Данлос синдромы
52	Сотос синдромы
53	Аспергер синдромы
54	Олбери синдромы
55	Мекель синдромы
56	Танатоформды дисплазия

57	Дюшен-Беккер миодистрофия
58	Жұлынның бұлышық ет амиотрофиясы
59	Тирозинемия
60	Глютарлы ацидемия/ацидурия
61	Мукополисахаридоздар
62	Муколипидоздар
63	Ихтиоз
64	Буллоза эпидермолизі
65	Эктодермальды дисплазия
66	Синдромдың емес тұқым қуалайтын есту қабілетінің жоғалуы
67	Гликогеноздар
68	Онкопатологияның отбасылық түрлері (ретинобластома, сұтбезі обыры, қалқанша безінің қатерлі ісігі)
69	Кемшіліксіз остеогенез
70	Гомоцистинурия
71	Свайер синдромы
72	Лейкодистрофия
73	Ретт синдромы
74	Нейрофиброматоз
75	Дубовиц синдромы
76	Корнелия де Лэнги синдромы
77	Кокайн синдромы
78	Рубинштейн-Тайби синдромы
79	Голденхар синдромы
80	Франчетти синдромы
81	X фрагилды синдромы
82	Факоматоз
83	Шарко-Мари-Тута ауруы
84	Туберозды склероз
85	Аспергер синдромы
86	Вильсон-Коновалов ауруы
87	Псевдоахондроплазия
88	Фабри ауруы

## Практикалық дағдылар, манипуляциялар, емшаралар

№	Ота / Емшара / Техника	Дағдылардың саны
1	Асыл тұқымды құру, асыл тұқымды талдау	100
2	Көп факторлы патологиядағы эмпирикалық тәуекелді есептеу	10

3	Микро аномалияларды (дисембриогенез стигмасы) ескере отырып, тұқым қуалайтын немесе тұа біткен патологиясы бар науқасты фенотиптік тексеру	150
4	Синдромдық диагностиканы жүргізу, тұқым қуалайтын және тұа біткен патологияның синдромдық диагностикасы бойынша мәліметтер қорында жұмыс жасау.	50
5	Перифериялық қан лимфоциттеріне хромосомалық препараттарды дайындауға қатысу	50
6	Перифериялық қан лимфоциттеріне хромосомалық препараттарды дайындау	50
7	Шарана материалынан хромосомалық препараттарды дайындауға қатысу	30
8	Шарана материалынан хромосомалық препараттарды дайындау	10
9	Кариотиптеуді жүргізу	50
10	Молекулярлық цитогенетикалық талдау жүргізу	20
11	Пренатальды генетикалық скрининг үшін тестілеу (ана сары суының маркерлері).	50
12	Неонатальды генетикалық скринингке тестілеу	50
13	Дезоксирибонуклеин қышқылы изоляциясы	50
14	Полимеразалық тізбекті реакция зерттеуін жүргізу	50
15	Накты уақыттағы полимеразалық тізбекті реакция зерттеуін жүргізу	50
16	Фенилкетонуриямен ауыратын пациенттерді диеталық терапияны есептеу	50
17	Тұқым қуалайтын метаболикалық аурулары (тиrozинемия, глутарқышқылы) бар пациенттерде диеталық терапияны есептеу.	5
18	Пациенттің цитогенетикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау	100

19	Пациенттің молекулярлық цитогенетикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау	20
20	Н а у қ а с т ы н молекулярлық-генетикалық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау	100
21	Науқастың генетикалық сараптамасының нәтижелерін интерпретациялау (тандемді масс-спектрометрия, CGH, мақсатты секвенирлеу, тұтас экзома және тұтас геномды секвенирлеу)	25
22	Жүкті әйелдер қауіп тәуекел тобына медициналық генетикалық консультация беру	200
23	Тұқым куалайтын және тұа біткен патологиясы бар отбасыларға медициналық-генетикалық консультация беру	50
24	Ерлі-зайыптыларға медициналық генетикалық консультация беру	30

Медициналық және  
 фармацевтикалық  
 мамандықтар бойынша жоғарғы  
 оку орнынан кейінгі білім  
 берудің үлгілік оку  
 бағдарламасына  
 18-қосымша

### **"Ересектердің, балалардың неврологиясы" мамандығы бойынша резидентуралың үлгілік оку бағдарламасының құрылымы**

**Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл**

**Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Ересектердің, балалардың невролог-дәрігері**

№ р/с	Пәндер / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндettі компонент	134
	Стационардағы неврология, ересектер	54
	Стационардағы неврология, балалар	30
	Неврологиядағы аспаптық зерттеу әдістері	8
1)	Неврология және нейрореанимациядағы шұғыл жағдайлар	12

	Е р е с е к т е р амбулаториялық-емханалық nevрологиясы	10
	Б а л а л а р амбулаториялық-емханалық nevрологиясы	6
	Нейрореабилитация	6
	Неврологиядағы визуализациялық зерттеу әдістері	8
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы:	140

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Транзиторлы ишемиялық шабуылды қоса алғандағы ишемиялық инсульт
2	Геморрагиялық инсульт
3	Ми венасының және веналық синуистардың тромбозы
4	Жұлын инсульті
5	Бас миының созылмалы ишемиясы
6	Бас ми жұлынының қанайналымының созылмалы бұзылсызы
7	Ересектер мен балалардағы эпилепсия
8	Шашыранды склероз
9	Жедел шашыранды энцефаломиелит
10	Оптикомиелит спектрінің аурулары, Девик оптикомиелиті
11	Миелит
12	Гийенн-Барре синдромы
13	Созылмалы қабынулық демиелинизирленуші полинейропатия
14	Менингококкты менингит
15	Туберкулезды менингит
16	Кенелік энцефалит
17	Аутоиммунды энцефалит
18	Нейробруцеллез
19	Нейроборрелиоз (Лайм ауруы)
20	Нейросифилис
21	Екпеден кейінгі энцефалит
22	Паркинсон ауруы
23	Супрануклеарлық сал ауруы

24	Көпжүйелі атрофия
25	Гентингтон хореясы
26	Эссенциальды тремор
27	Альцгеймер ауруы
28	Шеткері амиотрофиялық склероз
29	Миастения
30	Пароксизмальды миоплегия
31	Жұлын амиотрофиясы
32	Тұқымкуалаушылық полинейропатиялар
33	Сирингомиелия, сирингобульбия
34	Бас ми жұлындық атаксия
35	Деменция
36	Мигрень, кернеулі бас ауруы, кластерлі бас ауруы, дәріден туындаған бас ауруы
37	Бас ауырсынуы
38	Бас айналуы
39	Полинейропатиялар, радикулопатиялар, плексопатиялар, мононейропатиялар
40	Дорсопатиялар
41	Бас миының және жұлынның жарақаттан кейінгі зақымдануы
42	Гидроцефалия
43	Церебральды салдану
44	Зат алмасудың тұқым қуалаушылық ауруларындағы жүйке жүйесінің зақымдануы (Фабри ауруы, Помпе, Гоше, Ниманн-Пик, цероидті липофусциноздар)
45	Балалардағы психо-сөйлеу және моторлық дамудың кешігі
46	Миопатиялар, миотониялар
47	Вегетативті жүйке жүйесі аурулары
48	Ботулизм кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануы
49	Адамның иммунтапшылық вирусы (жұқтырылған иммунтапшылығының синдромы) - инфекциясы кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануы
50	Жұлындық эпидурит
51	Нерв жүйесі ісіктері
52	Нейрофиброматоз, Реклингаузен синдромы
53	Кома, түрлері, естің бұзылу дәрежелері
54	Бас ми өлімі, диагностикалау өлшемшарттары
55	Вильсон Коновалов ауруы
56	Верник энцефалопатиясы, бас ми көпірінің орталық миелинолизі
57	Нерв жүйесінің прионды аурулары
58	Мультифокальді нейропатия

## **Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды менгеру**

№	Оталар / Емшаралар / техника	Дағдылардың саны
<b>Интерпретациялайды</b>		
1.	Ми мен жұлынды компьютерлік-томографиялық зерттеу нәтижелерін талдау	50
2.	Ми мен жұлынның магниттік-резонанстық томографиялық зерттеу нәтижелерін талдау	50
3.	Церебральды ангиография нәтижелерін талдау	10
4.	Электроэнцефалография нәтижелерін талдау	30
5.	Бұлшық еттердегі электр қозғыштығының және электромиография нәтижелерін талдау	10
6.	Көз түбі мен көру өрісін зерттеу нәтижелерін талдау	50
7.	Брахиоцефальді тамырлардың ультрадыбыстық зерттеу нәтижелерін талдау	30
8.	Биохимиялық қан анализін талдау	30
9.	Иммуноферменттік талдау және полимеразды тізбекті реакция нәтижелерін талдау	30
10.	Генетикалық тексеру әдістерін талдау	5
11.	Люмбалді пункция нәтижелерін талдау	20
<b>Дәрігердің бақылауы мен орындау</b>		
1.	Науқаспен және/немесе оның туыстарымен күрделі (жазылмайтын) ауру туралы әңгімелесу (коммуникативті дағдылар)	20
2.	Куратордың бақылауымен ми бағанының өлімі туралы мәлімдеме жасау	3
3.	Люмбалді пункцияны, ликвородинамикалық сынамаларды жүргізу техникасы мен әдістемесі	20
4.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда: мидың ісінуі мен	20

	ісінү синдромында шұғыл неврологиялық көмек көрсету	
5.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда шұғыл неврологиялық көмек көрсету: гипертониялық криз	50
6.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда: ишемиялық ми қан айналымының жіті бұзылуы кезінде шұғыл неврологиялық көмек көрсету	20
7.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда: геморрагиялық ми қан айналымының жіті бұзылуы кезінде шұғыл неврологиялық көмек көрсету	20
8.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда: коматоздық жағдайларда шұғыл неврологиялық көмек көрсету	50
9.	Емдік блокадаларды жүргізу	10
10.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда шұғыл неврологиялық көмек көрсету: құрысу синдромы	10
11.	Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда шұғыл неврологиялық көмек көрсету: миастениялық криз	20
Өз бетінше орындау		
1.	Сана деңгейін анықтау, нейропсихологиялық зерттеу әдісін қолдана отырып танымдық функцияларды зерттеу	100
2.	Бас сүйек-ми нервтерінің, бұлшық ет тонусының, трофиқаның, күштің, рефлекторлық сфераның, сезімталдықтың, козгалыстарды үйлестірудің функцияларын зерттеу	100
3.	Жұтыну тестінің скринингін жүргізу техникасы мен әдістері	20
4.	Инсульттің ауырлығын NIHSS, Rankin, Bartel шкаласы, Ривермид мобильді индексі бойынша анықтау, оларды талдау	20
5.	Глазго кома шкаласы бойынша сана деңгейін бағалау	20

6.	Паркинсон ауруының диагностикалық өлшемшарттарын анықтау	10
7.	Шашыранды склероздың диагностикалық өлшемшарттарын анықтау (Куртцке шкаласы (EDSS), McDonald, W.I. критерийлері)	10
8.	Миастенияның диагностикалық өлшемшарттарын анықтау (прозериндік сынаманы жүргізу техникасы мен әдістері)	10
9.	Хаммерсмит бойынша балалардың неврологиялық статусын бағалау	10
10.	Хаммерсмит бойынша 2-жасқа дейінгі балалардың неврологиялық статусын бағалау	20
11.	6-минуттық жүріс, Скот, Вьюнс шкаласы, сатыдан көтерілу тесті, Говерс, SHOP-INTEND, HINE, БМЖА(СМА) бар науқастардағы Хаммерсмит модифицирленген тесті, RULM	10
12.	Қызмет етудің халықаралық классификациясын қолдану	10
13.	5-айға дейінгі балалардағы жалпы қозғалыстарды бағалау әдісін қолдану	20

Медициналық және  
 фармацевтикалық  
 мамандықтар бойынша жоғарғы  
 оқу орнынан кейінгі білім  
 берудің үлгілік оқу  
 бағдарламасына  
 19-қосымша

## **"Ересектердің, балалардың нейрохирургиясы" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оқу бағдарламасының кұрылымы**

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 4 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Ересектердің, балалардың нейрохирург-дәрігері

№ р/с	Пәндер / модульдердің атапу	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	278
	Міндепті компонент	262
	Нейрохирургия негіздері	33
	Жалпы хирургия	6
	Бас сүйек-ми жарақатының нейрохирургиясы	33

	Жұлын нейрохирургиясы	33
	Перифериялық нервтердің нейрохирургиясы	30
1)	Нейроонкология, паразиттік аурулар және бас миының даму ақаулары	32
	Балалар нейрохирургиясы	24
	Нейрофизиология және нейропатоморфология	8
	Тамырлы, оның ішінде интервенциялық ангионейрохирургия	31
	Функционалдық және стереотаксикалық нейрохирургия	32
2)	Тандай бойынша компонент	16
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	280

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Жабық бас сүйек-ми жаракаты
2	Ашық бас сүйек-ми жаракаты
3	Бас миының зақымдануы
4	Омыртқа-жұлын жаракаты және оның салдары
5	Перифериялық нервтердің жаракаттары
6	Ауыр бас сүйек-ми жаракаты
7	Ликворея
8	Краниосиностоз
9	Мидың қатерсіз ісіктері
10	Ми қабығының ісіктері
11	Мидың қатерлі ісіктері
12	Омыртканың дегенеративті аурулары
13	Жұлынның ісіктері
14	Гидроцефалия
15	Жұлын жарығы
16	Бас сүйектің негізінің ісіктері
17	Үш жақты нервтің тамырлы компрессиясы
18	Хиазмалды-селлярлы аймақтың ісіктері
19	Ми тамырларының аневризмдері
20	Мидың артериовенозды мальформациялары
21	Геморрагиялық инсульт
22	Киари аномалиясы

23	Омыртка арнасының стенозы
24	Мидың кавернозды ангиомалары
25	Бас миының паразиттік зақымдануы
26	Есту невриномасы
27	Мидың арахноидалы кисталары
28	Бас сүйектің трепанациядан кейінгі ақаулары

## Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшаларды менгеру

№	Ота / емшара / техника	Дағдылардың саны
1.	Бастапқы хирургиялық өндөу	20
2.	Теріге, тері асты клетчаткасына тігістер салу	10
3.	Қатты ми қабығының тігісі	15
4.	Люмбальды пункция	20
5.	Люмбальды дренаж	10
6.	Арендт бойынша сыртқы дренаждау	15
7.	Неврологиялық статусы	40
8.	Сүйек-пластикалық трепанация	12
9.	Субдуральды гематоманы алып тастау	9
10.	Эпидуральды гематоманы алып тастау	9
11.	Гемикраниэктомия	8
12.	Трефинациялық тесік салу	5
13.	Нейрохирургиялық нейронавигация	10
14.	Супратенториалды бөлімдерді резекциялы трепанациялау	15
15.	Бифронтальды қол жетімділік	12
16.	Птерионалды қол жетімділік	14
17.	Ламинэктомия	6
18.	Фораминотомия	6
19.	Эпидуральды блокада	7
20.	Паравертебральды блокада	7
21.	Вентрикулоперитонеалды шунттау	10
22.	Ми ішілік абсцессі алып тастау	7
23.	Экстраневролиз	4
24.	Эндоневролиз	4
25.	Тамырлы тігіс	3
26.	Артқы бас сүйек ойығының декомпрессиясы	6

27.	Ми ішілік гематоманы микрохирургиялық алып тастау	10
28.	Краниосиностоз	6
29.	Гемиламинэктомия, Интерламинэктомия	4
30.	Трансназальді трансфеноидальдық қол жеткізу	5
31.	Эндоскопиялық фенестрация	2
32.	Омыртқаның бел деңгейінде диск жарығын микрохирургиялық алып тастау	10
33.	Омыртқаның мойын деңгейінде диск жарығын микрохирургиялық алып тастау	6
34.	Омыртқаға тұрактандыратын операциялар	5
35.	Эпилепсия хирургиясы	4
36.	Навигациялық биопсия	2
37.	Жұлын ісіктерін микрохирургиялық алып тастау	5
38.	Эндоскопиялық фенестрация	2

Медициналық және  
 фармацевтикалық  
 мамандықтар бойынша жоғарғы  
 оку орнынан кейінгі білім  
 берудің үлгілік оку  
 бағдарламасына  
 20-қосымша

## **"Неонатология" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оку бағдарламасының құрылымы**

**Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл**

**Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Неонатолог-дәрігер**

№ р/с	Пәндер / модульдердің атапу	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндетті компонент	134
	Стационардағы неонатология	64
	Жаңа туған нәрестелердің патологиясы	14
	Шала туған балаларды құту	14
1)	Жаңа туған нәрестелердің реанимациясы және қарқынды терапиясы	14
	Амбулаториялық неонатология	14
	Неонатальды неврология	7

	Неонаталды хирургия	7
2)	Тандау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	140

## Үлгілік оку бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Ерте неонатальды бейімделу және сау нәрестелердің өтпелі (шекаралық) физиологиялық жағдайлары және олардың шала туылған нәрестелердегі ерекшеліктері. Дені сау нәрестелерге құтім жасау
2	Шала туған нәрестелер, аса жетілмегендігі, гестация мерзіміне қарай шағын, шала туған нәрестелер
3	Постнатальді ақуыз-энергетикалық жеткіліксіздік
4	Инфекциялық емес шығу тегі бар тері аурулары (жөргектің бөртпесі, тершендік, склерема, тұа біткен булездік эпидермолиз)
5	Тері, тері асты клетчаткасы және инфекциялық генездің кіндік қалдықтары аурулары (везикупустулез, нәрестенің күлдіреуігі, Риттер эксфоллиативтік дерматиті, псевдофурункулез, нәрестенің некротикалық флегмонысы, іріңді мастит , омфалит)
6	Респираторлық стресс синдромы
7	Апное, транзиторлы тахипное
8	Меконий аспирациясы синдромы
9	Жаңа туған нәрестелердің персистирлеуші өкпе гипертензиясы
10	Тұа біткен және неонатальды пневмония
11	Неонатальды кезеңде пайда болған бронхопульмональды дисплазия
12	Ауа агу синдромы
13	Неонатальды сепсис
14	Медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялар
15	TORCH инфекциялары (карапайым герпес вирусы, цитомегаловирустық инфекция, тұа біткен мерез, листериоз, токсоплазмоз, хламидиялық инфекция, кандидоз, адамның иммунтапшылығы вирусы инфекциясы)
16	Коронавирустық инфекция расталған немесе коронавирустық инфекция күдігі бар анадан жаңа туған нәресте
17	Миокард аурулары (дилатациялық, гипертрофиялық кардиомиопатия, фиброзластоз)

18	Феталдық және неонаталдық аритмиялар (тахиаритмиялар, брадиаритмиялар, толық атриовентрикулярық блокада)
19	Туа біткен жүрек ақаулары, ашық артералды өзек
20	Перинаталдық энцефалопатия (гипоксиялық-ишемиялық, геморрагиялық, метаболикалық, инфекциялық-ұытты)
21	Жаңа туған нәрестелер анемиясы (физиологиялық, постгеморрагиялық, гемолитикалық)
22	Жаңа туған нәрестелердің геморрагиялық ауруы
23	Каогулопатия (Виллебранд ауруы, тромбоцитопения тромбоцитопатиясы, Казабах – Меррит және Вискота - Олдрич синдромы)
24	Ұрықтың және жаңа туған нәрестенің гемолитикалық ауруы, билирубин энцефалопатиясы
25	Жаңа туылған нәрестедегі сарғаю
26	Жаңа туылған нәрестелердің асфиксиясы
27	Бас сүйек ішілік және қарынша ішілік, перивентрикулярық қан құйылулар
28	Жаңа туған нәрестелердің туу жаракаттары (Эрба-Дюшена, Джерина-Клюмпке, диафрагматикалық нервтің сал ауруы, омыртқа мен жұлдының зақымдануы)
29	Неонатальды құрысулар
30	Жаңа туған нәрестелердің шоктары (постгеморрагиялық, гиповолемиялық, инфекциялық-ұытты, кардиогенді)
31	Метаболикалық және су-электролиттік бұзылулар (гипогликемия, гипергликемия, гипер-гипонатриемия, гипер-гипокалиемия)
32	Бауыр аурулары (неонатальды холестаз, фетальды гепатит, ЖВП атрезиясы)
33	Некротикалық энтероколит
34	Мальабсорбция синдромы
35	Муковисцедоз
36	Лактаза жеткіліксіздігі
37	Туа біткен гипотиреоз, туа біткен тиротоксикоз
38	Неонатальды қант диабеті, гиперинсулинизм, диабеттік фетопатия
39	Адреногенитальды синдром
40	Хромосомалық аурулар (Даун, Патау, Эдвардс, Шершевский Тернер, Марfan, Нунан синдромдары)
41	Зәр шығару жүйесінің инфекциясы
42	Бүйректің жедел зақымдануы
43	Бастапқы және қайталама иммун тапшылығы

44	Асказан – ішек жолының туа біткен ақаулары (өңеш атрезиясы, кеңірдек-өңештік жыланкөз, диафрагманың өңеш саңылауының жарығы, туа біткен пилостеноз, гастроизис, омфалоцеле, жоғары және төмен ішек өтімсіздігі, анус атрезиясы )
45	Орталық жүйке жүйесі, тыныс алу органдарының, сүйек жүйесінің, несеп-жыныс жүйесінің туа біткен даму ақаулары, дамудың шағын аномалиялары
46	Шала туған нәрестелердегі ретинопатиялар

## Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, өмшараларды менгеру

№	Ота/ өмшара / техника	Дағдылардың саны
1.	Дені сау нәрестелерге курация	200
2.	Жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшесінде науқастарға курация жасау	300
3.	Жаңа туған нәрестелердің реанимация бөлімшесінде науқастарға курация жасау	150
4.	Неонатолог-дәрігердің көмекшісі ретінде тұнгі кезекшілік	аптасына 1 рет
5.	Жаңа туылған нәрестелердің жағдайын тұрақтандыру	300
6.	Жаңа туған нәрестелердің бастапқы реанимациясы	300
7.	Жаңа туылған нәрестелердің кеңейтілген реанимациясы	70
8.	Кеңірдектің интубациясы (оның ішінде қашырда)	100
9.	Экзогендік беттік-активті енгізу	90
10.	Өкпені жасанды желдету параметрлерін түзету	300
11.	Толық және шала туған нәрестені бастапқы тексеру	300
12.	Қан тобын және резус-факторды анықтау	80
13.	Қанды ауыстырып құю	20
14.	Кіндік тамырын катетеризациялау	45
15.	Плазмотрансфузия, гемотрансфузия жүргізу	100
16.	Туған кездегі дene салмағына байланысты толық және шала туған нәрестелерді тамақтандыру, ерекше емізу бойынша кеңестер	300
17.	Зертханалық-аспаптық мәліметтерді түсіндіру	500

18.	Қышқылдық сілтілік жағдай көрсеткіштерін түсіндіру және оларды түзету	400
19.	Кеуде қуысының, іш қуысының рентген суреттерін оку және оларды түсіндіру	300
20.	Электроэнцефалограмманы, электрокардиографияны оку және оларды түсіндіру	50
21.	Плевралық пункция	15
22.	Бел пункциясы	15
23.	Асказан зондын орналастыру	300
24.	Инфузиялық терапияны есептеу	300
25.	Энтеральды тамақтануды есептеу	300
26.	Жоғарғы тыныс алу жолдарының санациясы	500
27.	Жаңа туған нәрестелерді вакцинациялау көрсеткіштерін анықтау	300
28.	Катамнез кабинетінде кеңес беру	100
29.	Жаңа туған нәрестенің патронажы	30
30.	Сырқаттанушылық пен өлім-жітімді статистикалық талдау	24

Медициналық және  
 фармацевтикалық  
 мамандықтар бойынша жоғарғы  
 оку орнынан кейінгі білім  
 берудің үлгілік оку  
 бағдарламасына  
 21-қосымша

### **"Ересектердің, балалардың нефрологиясы" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оку бағдарламасының кұрылымы**

**Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл**

**Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Ересектердің, балалардың нефролог-дәрігері**

№ р/с	Пәндер / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндettі компонент	134
	Ересектер нефрологиясы	43
	Балалар нефрологиясы	22
	Интервенциялық нефрология	12
	Клиникалық нефроморфология	13
1)	Диализ терапиясы	17

	Трансплантология және иммунология	13
	Жүкті әйелдердегі бүйрек патологиясы	8
	Ультрадыбыстық диагностика	6
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Корытынды аттестаттау	2
	Барлығы	140

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Жедел және созылмалы патологиялардағы су-электролиттік және қышқыл-негіздік бұзылыстар .
2	Зәр шығару жүйесінің тұа біткен ауытқулары: агенезия, гипоплазия, қуық-несепағар рефлюксі, гидронефроз, мөлшерлік ауытқулар
3	Бастапқы тубулопатиялар: Гипофосфатемиялық рахит (фосфатты-қант диабеті), проксимальды бүйрек өзекшелік ацидозы (II типті), Фанкони синдромы (Де Тони-Дебре), бүйрек глюкозуриясы, Дент ауруы, Барттер синдромы, Гительман синдромы, дистальды бүйрек тұтікшелі ацидозы (I тип), псевдогеноздық қантсыз диабет, Лиддл синдромы, глицинурія, цистинурія. Екінші тубулопатиялар: оксалатты нефропатия, уратты нефропатия
4	Зәр шығару жүйесінің инфекциясы: цистит, жедел пиелонефрит
5	Жедел және созылмалы тубулоинтерстициальді нефрит
6	Гломерулярлық аурулар: ең аз өзгерістер ауруы, фокалды-сегменттік гломерулосклероз (бастапқы, қайталама), мембраналық нефропатия (бастапқы, қайталама), Мембронопролиферативті гломерулонефрит (бастапқы, қайталама, С3-гломерулопатияны қоса алғанда), Мезангialдық гломерулонефрит (IgA-нефропатия және басқалар), фибриллярлық гломерулонефрит, жұқа базальды мембраналар ауруы
7	Тұқым қуалайтын және тұа біткен бүйрек аурулары: бүйректің кистозы, Фабри ауруы, Альпорт синдромы
8	Жүйелі аурулар мен васкулиттерде бүйректің закымдануы: люпус-нефрит, ANCA-ассоциирленген васкулит (гранулематозды полиангийт, микроскопиялық полиангийт, полиангийт пен эозинофильді гранулематоз), IgA васкулит, жүйелі

	склеродермия, түйінді периартериит, криоглобулиенмиялық васкулит, Шегрен ауруы, Фабри, Гудпасчер синдромы, антифосфолипидті синдром
9	Тромботикалық микроангиопатиялар. Бастапқы тромботикалық микроангиопатиялар: тромбоздық тромбоцитопениялық пурпурा, Шига-токсин астасқан гемолитикалық-уремиялық синдром, атиптік гемолитикалық-уремиялық синдром. Қайталама тромботикалық микроангиопатиялар: ( инфекциялар, соның ішінде адамның иммунтапшылығы вирусы инфекциясы, ісіктер, аутоиммундық аурулар, қатерлі артериялық гипертензия, дәрілік терапия, жүктілік және босану-преэклампсия/эклампсия, HELLP – синдром
10	Артериялық гипертензия. Реноваскулярлық гипертензия. Ишемиялық нефропатия. Кардиоренальды синдром.
11	Диабеттік бұйрек ауруы
12	Подагра нефропатиясы
13	Гепато-ренальды синдром
14	AL (біріншілік) және AA (екіншілік) - амилоидоз
15	Жедел және созылмалы бұйрек ауруы және жүктілік . Жүкті әйелдердегі артериялық гипертензия ( преэклампсия, эклампсия, гестациялық және созылмалы артериялық гипертензия). HELLP синдром. Жүктілік кезіндегі фармакотерапияның клиникалық және фармакологиялық ерекшеліктері.
16	Бұйректің жедел зақымдануы
17	I-V сатыдағы созылмалы бұйрек ауруы. Созылмалы бұйрек ауруының асқынулары: реналдық анемия, минералдық-сүйек бұзылулары, ақуыз-энергетикалық жеткіліксіздік, метаболикалық ацидоз
18	Гемодиализ және перитонеалдық диализдің асқынулары: тромбоз, тамырға қол жетімділік және перитонеалдық катетер инфекциясы, диализдік перитонит
19	Бұйрек трансплантаты. Донорлар мен реципиенттерді операцияға дейін дайындау. Жедел және созылмалы трансплантациядан бас тартудың алдын алу және емдеу. Иммуносупрессивті препараттар. Қайталанатын нефропатия
20	Инфекциялық эндокардит кезінде бұйректің зақымдануы
21	Парапротеинемия кезінде бұйректің зақымдануы
22	Адамның иммунтапшылығы вирусина байланысты бұйрек аурулары

**Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды менгеру**

№	Ота/ емшара / техника	Дағдылардың саны
	Өз бетінше орындау	
1.	Бұйрек қызметін бағалау және есептеу	100
2.	Альбуминурия дәрежесін және Альбумин / Креатинин қатынасын түсіндіру	50
3.	Протеинурия дәрежесін және ақуыз / Креатинин қатынасын түсіндіру	50
4.	Электролит шығынын /Креатинин қатынасы бойынша түсіндіру	20
5.	Автоиммунды аурулар мен васкулиттердегі иммунологиялық зерттеулерді интерпретациялау	50
6.	Бұйректің ультрадыбыстық зерттеуін жүргізу	20
7.	Қыықтың ультрадыбыстық зерттеуін жүргізу	10
8.	Диализдегі науқастардың нутритивті мәртебесін бағалау	20
9.	Электрокардиография мен эхокардиографияны түсіндіру	20
10.	Гемодиализ сеанстарын жүргізу: науқасты уақытша және тұрақты катетердің көмегімен "Жасанды бұйрек" аппаратына қосу.	30
11.	Гемодиализдің барабарлығын есептеу	30
12.	Шок кезіндегі диагностика және шұғыл көмек	10
13.	Гипертониялық криздер кезіндегі диагностика және шұғыл көмек	20
14.	Жедел бұйрек жеткіліксіздігі кезіндегі диагностика және шұғыл көмек	20
15.	Шумақтық фильтрация жылдамдығына байланысты дәрілік препаратордың дозасын есептеу және түзету	100
16.	Иммуносупрессивті препараттардың бір реттік және курстық дозаларын есептеу. Иммуносупрессивті препараттар концентрациясының мониторингі	50
17.	Гемотрансфузия жүргізу	5

18.	Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу	10
19.	Эритропоэтиннің бастапқы дозасын және бүйрек жеткіліксіздігі кезіндегі оның кейінгі титрлеуін есептеу	50
20.	Бүйрек жеткіліксіздігі кезіндегі темірдің қоқтамыр ішіне енгізу дозасы мен жиілігін есептеу	50
21.	Жедел коронарлық синдром кезіндегі алғашқы көмек	5
22.	Контраст-индуцирленген нефропатияның даму қаупі факторларын бағалау және оны түзету	10
	Қадағалаумен орындау	
23.	Бүйрек биопсиясының микроскопиясы (фотосуреттер)	30
24.	Бүйрек биоптатын жарық микроскопиясы (микропрепараттар) кезінде түсіндіру	( 30
25.	Иммуногистохимиялық зерттеу кезінде бүйрек биоптатын түсіндіру (фотосуреттер)	30
26.	Электрондық микроскопия кезінде бүйрек биоптатын түсіндіру ( фотосуреттер)	( 30
27.	Несеп тұнбасының микроскопиясы (фотосуреттер)	20
28.	Қышқыл-негіз күйінің бұзылуын түсіндіру	20
29.	Гипонатриемия/гипернатриемия кезіндегі инфузиялық терапияның кұрамы мен көлемін есептеу	20
30.	Гиперкалиемия кезіндегі шұғыл көмек	20
31.	Экскреторлық урографияны, магнитті-резонансты томографияны, бүйректің компьютерлік томографиясын, дуплексті сканерлеу кезінде бүйрек қан ағымының көрсеткіштерін тағайындау және түсіндіру көрсеткіштері	10
32.	Перитонеальді диализді жүргізу	20
33.	Тест жүргізу және перитонеалдық диализдің барабарлығын есептеу	20

34.	Донор мен реципиентті бүйрек трансплантациясына дайындау	10
35.	Реципиенттің иммунологиялық катерін анықтау	10
36.	Бүйрек трансплантатының реципиенті үшін иммуносупрессивті ем дозасын есептеу	20
37.	Артериовеноздық фистула қызметін күту және бағалау	20
38.	PD катетерінің жұмысын күту және бағалау	10
	Қосымша манипуляциялар	
39.	Гемодиализ сеанстарын жүргізу: артериовеноздық фистула пункциясы	5
40.	Бүйрек биопсиясы	5
41.	Плазмаферез жүргізу	5

Медициналық және  
 фармацевтикалық  
 мамандықтар бойынша жоғарғы  
 оку орнынан кейінгі білім  
 берудің үлгілік оқу  
 бағдарламасына  
 22-қосымша

### **"Ересектердің онкологиясы" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы**

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Ересектердің онколог-дәрігері

№ р/с	Пәндер / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
	Міндettі компонент	134
	Стационардағы онкология	49
	Онкологиядағы қарқынды терапия	9
	Амбулаториялық-емханалық онкология	12
	Онкореабилитология	6
	Онкологиядағы функционалдық диагностика	6
1)	Онкологиядағы клиникалық-зертханалық диагностика	6
	Онкологиядағы медициналық генетика	6

Онкологиядағы сәүлелік диагностика	7
Патоморфологиялық диагностика	8
Сәулелік терапия	10
Паллиативтік онкология	7
Онкологиядағы клиникалық иммунология	8
2) Тандау бойынша компонент	4
2 Қорытынды аттестаттау	2
Барлығы	140

## Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Асқазанның қатерлі ісіктері
2	Терінің қатерлі ісіктері
3	Өкпенің қатерлі ісіктері
4	Сұт безінің қатерлі ісіктері
5	Тері меланомасы
6	Сарпайдың және қынаптың қатерлі ісіктері
7	Еріннің қатерлі ісіктері
8	Күйктың қатерлі ісіктері
9	Өңештің қатерлі ісіктері
10	Ұйқы безінің қатерлі ісіктері
11	Күйқасты безінің қатерлі ісіктері
12	Жатыр мойнының қатерлі ісіктері
13	Жұмсақ тіндер мен сүйек саркомасы
14	Бүйрек-жасушалық карциномасы
15	Мүшеден тыс ретроперитонеальды ісіктер
16	Жатыр денесінің қатерлі ісігі
17	Аналық бездің ісігі
18	Жыныс мүшесінің обыры
19	Ұрық және ұрық жасушаларының ісіктері
20	бас және мойын ісіктері
21	Көмейдің қатерлі ісіктері
22	Тоқ ішектің қатерлі ісіктері
23	Ауыз қуысының қатерлі ісіктері
24	Тік ішектің қатерлі ісіктері
25	Ауыз-жұтқыншақтың қатерлі ісіктері
26	Орталық жүйке жүйесінің қатерлі ісіктері
27	Мұрын-жұтқыншақтың қатерлі ісіктері
28	Сілекей бездерінің қатерлі ісіктері

29	Көмей-жұтқыншактың катерлі ісіктері
30	Қалқанша безінің обыры
31	Қалқансерік безінің обыры
32	Бүйрек үсті безінің қатерлі ісігі
33	Ходжкин ауруы
34	Ходжкиндік емес лимфома
35	Медиастениялық ісіктер
36	Мезотелий ісіктері
37	Жұлынның компрессиясы
38	Жоғарғы қуыс көк тамыр синдромы
39	Гиперкальциемия
40	Ісіктің ыдырау синдромы

## Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды менгеру

№	Операция / емшара / техника	Дағдылардың саны
1.	Интратекальді емдеу (химиопрепараттарды эндолюмбальді енгізу)	50
2.	Инtrapлевральді емдеу (плевралық қуыска химиопрепараттар енгізу)	100
3.	Инtrapеритонеальді емдеу (іш қуысына химиялық препараттарды енгізу)	100
4.	Инtrавезикальды емдеу (қуыққа химиотерапиялық препараттарды енгізу)	100
5.	Селективті артериялық химиотерапия	10
6.	Сұт безі, бауыр, ұйқы безі, лимфа түйіндерінің ісіктері кезінде жіңішке инелі биопсия жүргізу	100
7.	Тері түзілімдерінен инционды биопсия	100
8.	Сұт безі ісіктері кезінде трепанобиопсия жүргізу	100
9.	Өкпе ісіктері кезінде трепанобиопсия жүргізу	50
10.	Бауыр ісіктері кезінде трепанобиопсия жүргізу	50
11.	Күйқасты безі ісіктері кезінде трепанобиопсия жүргізу	50

Медициналық және  
фармацевтикалық  
мамандықтар бойынша жоғарғы  
оку орнынан кейінгі білім

берудің үлгілік оку  
бағдарламасына  
23-косымша

## "Балалардың онкологиясы және гематологиясы" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оку бағдарламасының құрылымы

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Балалар онкологы және гематологы дәрігері

№ р/с	Пәндер / модульдердің атавы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	138
1)	Міндettі компонент	134
	Стационардағы балалар онкологиясы және гематологиясы	47
	Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы қарқынды терапия	21
	Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы клиникалық-зертханалық диагностика	15
	Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы визуалды диагностика	9
	Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы сәулелік терапия	8
	Амбулаториялық-емханалық балалар онкологиясы және гематологиясы	34
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	140

### Үлгілік оку бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1	Теміртапшылықты анемия
2	Мегалобластикалық анемия (B12 витамин тапшылығы, фолий тапшылығы)
3	Апластикалық анемия
4	Дизеритропоэтикалық анемия
5	Гемолитикалық анемия
6	Сидеробластикалық анемия

7	Геморрагиялық диатездер (коагулопатиялар – гемофилиалар, Виллебранд ауруы және басқа коагулопатиялар, иммундық тромбоцитопения, геморрагиялық ваккулит)
8	Туа біткен тромбоцитопениялар және тромбоцитопатиялар
9	Лейкоздар
10	Жедел лимфобластық лейкоздар
11	Жедел миелобластық лейкоздар
12	Созылмалы миелобластық лейкемия
13	Миелодиспластикалық синдромдар
14	Гистиоцитоздар
15	Гоше Ауруы
16	Лимфоаденопатиялар
17	Туа біткен нейтропения
18	Лейкемоидты реакциялар
19	Лимфомалар (Ходжкин және Ходжкин емес)
20	Орталық жүйке жүйесінің ісіктері, (медуллобластомалар, эпендимомалар, астроцитомалар, орталық жүйке жүйесінің герминомасы, глиальды ісіктер)
21	Нейробластома
22	Нефробластома
23	Гепатобластома
24	Ретинобластома
25	Остеогендік саркома
26	Юинг Саркомасы
27	Жұмсақ тіндердің саркомалары
28	Герминогенді жасушалық ісіктер (герминомдық және герминомдық емес)
29	Сирек ісіктер (қалқанша безінің обыры, назофарингеальді карцинома, гепатоцеллюлярлы карцинома және басқалары)

### Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды менгеру

№	Ота/ емшара / техника	Дағдылардың саны
1.	Онкологиялық және гематологиялық аурулардың синдромдары мен симптомдарын дербес диагностикалауды және дифференциалды диагностикалауды жүзеге асыру	80
	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің	

2.	клиникалық хаттамаларына сәйкес диагностикалық тексеру және емдеу тағайындау	80
3.	Медициналық күжаттарды рәсімдеу	100
4.	Онкологиялық және гематологиялық науқастарды химиотерапиялық емдеудің жоспарын, тактикасын және есебін негіздеу	80
5.	Әртүрлі жастағы балалар ауруларының морфологиялық (иммунологиялық) түріне байланысты химиотерапия схемаларын тандау	80
